

## Ақмола облысы Аршалы ауданы Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 05 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 маусымда № 6655 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысы негізінде, Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Аршалы ауданы Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Центральная көшесі Тәуелсіздік көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақбұлақ ауылдық  
округінің әкімі*

*В.Сураев*